

Мемлекеттік басқару академиясына құжаттарды қабылдау басталды

2025 жылдың 1 сәуірінен бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясына құжаттарды қабылдау басталды. Өтініштер «Admission» ақпараттық жүйесі арқылы онлайн форматта қабылданады. Құжат тапсыру 2025 жылдың 25 маусымына дейін жалғасады.

Жітіқара ауданы әкімі аппаратының басшысы Т.А. Жабулов құжаттарды қабылдау қандай білім беру бағдарламасымен жүргізілетінін айтты.

Академия 12 білім беру бағдарламасы бойынша оқуға қабылдайды, олардың ішінде 9-ы – магистратура, 3-і – докторантура бағдарламалары.

Магистратура бағдарламалары: «MPA – Мемлекеттік басқару», «MPP – Мемлекеттік саясат», «MIR – Халықаралық қатынастар», «ME – Экономика», «MRD – Өңірлік даму», «MHRM – Адами ресурстарды басқару», «MDPA – Цифрлық мемлекеттік басқару», «EMPA – Мемлекеттік басқару» (модульдік оқыту негізінде), «MRDm – Өңірлік даму» (модульдік оқыту негізінде).

Докторантура бағдарламалары: «DPA – Мемлекеттік басқару», «DE – Экономика», «DIR – Халықаралық қатынастар».

Биыл да магистратураға 120, докторантураға 12 мемлекеттік грант бөлінді.

2025 жылғы қабылдау нақанының басты жаңалықтары мен өзгерістері:

1. «Цифрлық мемлекеттік басқару» жаңа бағдарламасы іске қосылды.

Жаңа MDPA магистратура бағдарламасы цифрлық трансформацияны басқару, мемлекеттік секторда цифрлық шешімдер әзірлеу мен енгізу және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мамандарды даярлауға бағытталған. Бір жылдық бағдарламаға цифрлық даму саласында жұмыс істейтін және бейінді жоғары білімі бар, кемінде 3 жыл мемлекеттік қызмет өтілі бар үміткерлер қатыса алады.

2. Мемлекеттік қызмет өтіліне қойылатын талаптар артты.

Барлық магистратура бағдарламаларына қабылдану үшін мемлекеттік қызмет өтілі 2 жылдан 3 жылға дейін ұзартылды.

«MPA – Мемлекеттік басқару» бағдарламасына – кемінде 5 жыл,

«MPP – Мемлекеттік саясат» бағдарламасына – кемінде 4 жыл еңбек өтілі талап етіледі.

3. Ақылы негізде оқуға түсу талаптары нақтыланды.

Енді ақылы бөлімде тек мемлекеттік қызметшілер ғана емес, сондай-ақ мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік органдардың ведомстволық бағынысты ұйымдарының және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің өкілдері де оқи алады.

4. Білім беру бағдарламаларына ерекше талаптар енгізілді.

Әрбір бағдарламаға сала-

сына қатысты нақты талаптар белгіленді. Бұл өзгерістер магистратура мен докторантура бағдарламаларына үміткерлерді сапалы іріктеу мақсатында енгізілді.

Үміткерлер келесі құжаттарды тапсыруы қажет:

1. Мемлекеттік органның жолдамасы (тек мемлекеттік қызметшілер үшін). Мемлекеттік грантқа үміткерлер жолдаманы мемлекеттік органның басшысы немесе аппарат басшысының қолымен ұсынуы тиіс.

2. Жеке куәліктің электрондық көшірмесі.

3. Жоғары білім туралы диплом мен қосымшасының скан нұсқасы (магистратураға) немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом мен қосымшасының көшірмесі (докторантураға).

4. Мемлекеттік тілді меңгеру деңгейін растайтын B1 деңгейінен төмен емес QAZAQ RESMI TEST немесе ҚАЗТЕСТ сертификаты (шетел азаматтарынан басқа). QAZAQ RESMI TEST – Академия базасында әзірленген және кез келген өңірде онлайн форматта тапсыруға болады.

5. MPA, MIR магистратура бағдарламаларына және докторантураға бір халықаралық сертификат (IELTS, TOEFL IBT, TOEFL ITP немесе TOEIC).

6. Мемлекеттік қызметшілер үшін – қызметтік тізім; басқа үміткерлер үшін – еңбек қызметін растайтын құжат.

7. Докторантураға түсетіндер үшін – ғылыми-зерттеу



жоспары (Research proposal), ол жеке бағаланады.

8. Электрондық цифрлық қолтаңбамен расталған өтініш.

Іріктеу кезеңдері:

• **Алғашқы кезең – онлайн форматта аналитикалық эссе жазу** (28 маусым – 1 шілде).

Докторантура бағдарламасына үміткерлер үшін **қосымша зерттеу жоспары (Research proposal)** бағаланады.

• **Екінші кезең – офлайн сұхбат** (8–23 шілде), Академия ғимаратында өтеді.

• **Аралық нәтижелер** 25 шілдеде жарияланады. Құжаттарды рәсімдеу және келісім-шартқа отыру мерзімі – 7 тамызға дейін.

Оқу процесі дәстүрлі түрде 1 қыркүйекте басталады.

Академияның артықшылықтарын атап өтер болсам:

- тәжірибеге негізделген оқу процесі
- кәсіби және тұлғалық даму
- мемлекеттік қызметші жа-лақысы көлемінде стипендия
- шетелдік тағылымдама

– ғылыми зерттеулер мен жобаларды қорғау

– тәжірибелі профессорлар мен сарапшылардан дәріс алу

– «Жас мемлекеттік қызметшілер үйінде» тұру мүмкіндігі

– пайдалы нетворкинг пен қауымдастықтың бір бөлігі болу.

Қабылдау ережелері туралы толық ақпарат Академияның ресми сайтында – ara.kz, сондай-ақ әлеуметтік желідегі ресми парақшаларында жарияланған. Қосымша ақпаратты Қабылдау комиссиясынан немесе Академияның Қостанай облысы бойынша филиалынан төменде көрсетілген телефондарға қоңырау шалу арқылы біле аласыздар:

+7 777 475 0744 – Бекахметова Агерке Дауренбековна;

+7 701 457 8040 – Акмухамбетова Дариха Аслбековна.

Академия – бұл мемлекеттік басқару жүйесінің тиімді дамуына үлес қосқысы келетін, кәсіби біліктілігін арттыруға ұмтылатын мамандар үшін бірегей алаң.